

Грузияда Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 2 сәуірдегі N 1334 Жарлығы

Қазақстан Республикасының халықаралық және ұлттық мүдделерін ескере отырып, әр түрлі салалардағы қазақстан-грузин ынтымақтастығын нығайту және дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. Тбилиси қаласында (Грузия) Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясы ашылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті